

СӨЖ: Мұқағали Мақатаев поэмалары

Орындаған: Калбаева Гульнара

Қабылдаған: Керімбекова Баян

**Мұқағали Сүлейменұлы
Мақатаев (1931-1976,
шын аты *Мұхаммедқали*)**
— қазақтың лирик ақыны,
мұзбалақ ақын, өз
заманында лайық
бағасын ала алмаса да
өзінен кейінгілер үшін
мәртебесі биік ақиық
ақын.



Поэмалары

«Райымбек!Райымбек!» поэмасы


« Акқулар ұйықтағанда» поэмасы

«Шолпан» поэмасы

“Ақ қайың әні” поэмасы

«Райымбек! Райымбек!» поэмасы

М.Мақатаевтың
«Райымбек!
Райымбек!» поэмасы да
тарихи тақырыпқа
жазылған. Бұл дастан
1981 жылы «Лелиншіл
жас» газетінде
26-27-28 қараша
күндеріндегі үш
санында жарық көрді.



Райымбек Түкеұлы (1705, қазіргі Алматы облысы — 1785, Алматы) — батыр, қолбасшы. Ұлы жүз Албан ішіндегі Алжан руының Сырымбет тармағынан. Атасы Хангелді батыр 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғарларға қарсы күресте аты шығып, 1733 ж. Төле, Қодар билер, Сатай, Бөлек батырлармен бірге Ұлы жүз қазақтары атынан орыс патшайымы Анна Иоановнаға елші жіберген. Райымбек 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанды. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Торайғыр және Сөгеті таулары аралығындағы “Ойрантөбе” деген жерде өткен шайқаста ерекше көзге түсті.

Тыныш жатқан қазақ еліне жоңғарлар шабады. Сол уақытта елінің,жерінің қиын жағдайға түскенін Қабай жырау зарлана айтады. Бастарына қара бұлт төніп, батырларынан айырылған қазақ елінің ауыр жағдайы суреттеледі. Сол уақытта Қабай жырау өліктер арасынан кішкентай баланы тауып алады.



Бала Райымбек ат жарысынан "Райымбек! Райымбек!" деп өз атын өзі ұрандап келеді. Баланың бұл қылығына ауыл ақсақалдары ашуланады. Райымбек өзіне Қабай жырауды қалқан тұтып, өз ойында түйіп жүрген сөздерін халыққа айтады. Оның осы айтқандарынан кейін әкесі Түке қайтыс болады. Райымбектің жасы 18-ге толады. "Қазақтарды жау шауып жатыр", деген хабарды естіген Райымбекке ата аттанбақ деген тілегін айтады.



Өзінің жауға аттанбақ тілегін биге айтады.Би оған қиын да қатыгез талап қояды.Би батырға Іледен өтсе, тілегі орындалатынын айтады. Бидің шартын орындап, Ілені кесіп өтеді. Халықтың ықыласына бөленіп, артына қол жинап, жауға шабады.

- Қабай жырау мен балаға жолда он үш жасар Райымбек жолығады. Ол қарттан жол сұрайды. Қабай қарт өз басының тауқыметін, аңыздағы сыңар қанат құсқа теңеп, тағдырымыз қайда бастары белгісіз деп өкіне жауап береді. Қарт баладан: «Қарағым қара жаумен іргелес ел едіңдер, жау таптап еліңді бүлдірді ме? Мынау азған заманда қайран қазақ бір- бірінің хабарын білуден де қалды ғой»- деп жауап береді.

Сонда бала:

« -Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,
Жауларына біздің ел сәгүлігін баптады
Қойын сойып,қолдарын қусырды да, сорлылар,
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,
Алдыдағы аларын, белімізден аттады.
Батыр емес,қария қатындар бар бұл елде
Беруге әзір барлығын билігі асқан біреуге,
Батырлар жоқ бұл елде,қатындар бар бұл елде,
Әркім қара басының амандығын тілеуде.

... ..

Үні шықпас жалғыздың, шаңы шықпас жаяудың

Мен де қатын болармын, сірә батыр болмаспын» деген кіп-кішкентай баланың сап-салмақты сөзіне Қабай қарт риза болып, көңілі толады. «Балам нешедесің? Кімнің тұқымысың?» деп сұрайды. Райымбек сонда:

— «Хангелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын,

Мал соңна сап қойды, ұстатты да құрығын

Жылқы жады әкеме жақпай қалып қылығым.

Жылым барыс, 13 жастан асып барамын.» деп Қабай қартқа өзін таныстырады

«Шолпан поэмасы»

Ағайын – туысқан бейхабар кеткен жұртына тастап кетіп қалған жырынды Боранбай ауылының үстінен хан баласы Шоқан жолдастарымен өтіп бара жатады. Қаралы арудың қинала зарлаған дауысына мойын бұрып Шоқандар оның үйіне ат басын бұрады. Қаралы ауылдың Шолпан атты қызы жас Шоқанды бір көруден- ақ ұнатып, қалай тілдесудің жолын таппай қиналады.

... Шолпанға адамгершілікті
катынас жасап, хан мен қараның арасындағы
болатын ескілік салт, дәстүрлерді түсіндірген
мағынада «Қалқам, сені түсінем... түсінемін»
дегеннен аспай-ақ осылайша бір- ақ ауыз
сөзімен өзінің адалдығы, хан баласы болса да
қыздарды аяқ асты етпей сыйдауы, оның
жанының незіктігін түсініп тілдесуі жылы
сөзбен коштасуы бәрі-бәрі жүрегіне жылы сезім
орнатады. Қазак жігітінің бәрі Шолпандай
парасатты да Шолпан қыз жүрегі қалаған, бірақ
амалы жоқ, Ғазиз жанға от тастағысы келмеген
Шолпан атты жігітпен осылайша қарындастық
көңілмен коштасады. Лозманың негізгі идеясы
махаббатты аялай білуге, қазактың келешек
... Шолпан сияқты пек болуға үндейді.

М.Мақатаев поэмаларының көркемдік ерекшеліктері

Ақын поэмасының көркемдік ерекшелігі оқиға желісінде жанды суреттер көз алдыңнан әсем сазбен тізбектеліп өтіп жатады. Ақын өзінің поэмаларына нәр беріп жандандыра түсуінің негізгі мәнісі образды сөйлеуінде. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында тау басындағы «Жетім көл» мөлдір жаңбыр тамшысына теңеліп, жүзікке қас қондырғандай үйлесім тауып тұр.